

## Қазақстан Республикасындағы теңіз сауда порттарында кемелерді тіркеу ЕРЕЖЕЛЕРІ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1994 жылғы 2 ақпан N 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 561. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 99-І бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығы жөніндегі уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 18 маусымдағы N 245 өкіміне сәйкес, саудалық теңізде жүзуді ұйымдастыру үшін жағдай жасау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығы жөніндегі уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысы басшылыққа алынсын және орындалсын.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес теңіз сауда порттарындағы кемелерді тіркеу Ережелері бекітілсін.

3. "Ақтау" Халықаралық теңіз көлігі компаниясының дирекциясы (В.И.Воробьев) мынадай нысандағы қажетті бланкілер санын дайындауға тапсырыстың орындалуын қамтамасыз етсін:

а) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысының қосымшасына сәйкес:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен теңіз сауда кемесінің жүзу құқығы туралы куәлік (кеме патенті) - N 1 Қосымша;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен теңіз сауда кемесінің жүзу құқығы туралы уақытша куәлік - N 2 Қосымша;

- бербоут-чартер шартымен жалданған шетелдік теңіз сауда кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен теңіз сауда кемесінің жүзу құқығы туралы уақытша куәлік (экипажы жоқ кемеі жалдау шарты) - N 3 Қ о с ы м ш а .

б) осы бұйрықпен бекітілген теңіз сауда порттарындағы кемелерді тіркеу Ережелерінің қосымшаларына сәйкес;

- Мемлекеттік кеме реестрі - N 1 қосымша;

- Кемеге меншіктік құқық туралы куәлік - N 2 Қосымша;
- Кеме кітабы - N 3 Қосымша;
- Кеме билеті - N 4 Қосымша;
- Бербоут-чартер реестрі - N 5 Қосымша;
- Кеме реестрінің анкетасы - N 6 Қосымша.

4. Осы бұйрықтың шығуына байланысты мыналар күшін жойды деп е с е п т е л с і н :

- Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 1992 жылғы 21 қыркүйектегі N 5 1 б ұ й р ы ғ ы ;

- Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 1993 жылғы 31 тамыздағы N 90 бұйрығының 1 және 2 тармағы.

*Министр*

## **I. Жалпы ережелер**

1. Теңіз сауда кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы ашық теңізде кемеңің Қазақстан Республикасының заңдарына бағыну ерекшелігін білдіреді. Шетел суларында жүзу кезінде ол Қазақстан Республикасының консулдары мен дипломатиялық өкілдіктерінің қ о р ғ а у ы н д а б о л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығымен мынадай меншіктегі теңіз сауда кемелеріне беріледі:  
м е м л е к е т т і ң ;

Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының;  
бірлескен кәсіпорында ұлттық капиталдың үлесі 51 процентті құраған кезде шетелдіктердің қатысуымен Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларымен; Қазақстан Республикасының азаматтарымен.

3. Теңіз сауда кемесі кеме иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы туралы Куәлікті (кеме патенті) алған сәттен бастап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығына ие болады. Мемлекеттік кеме реестріне енгізілген соң Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен Куәлік беріледі (N 1 Қосымша).

4. Шетелде сатып алынған теңіз сауда кемесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығына сатушы елде уәкілденген Қазақстан Республикасының консулымен берілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы туралы Уақытша куәлік негізінде ие болады. Сатушы елде Қазақстан Республикасының консулы болмаған кезде осы мемлекет жағынан қарсылық болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің тапсырмасымен екінші мемлекеттегі немесе үшінші мемлекеттегі консульдық мекемемен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы туралы Уақытша куәлік беріледі. Уақытша куәлік теңіз

кемесін белгіленген тәртіппен тіркегенге дейін, бірақ 6 айдан асырмай пәрменді  
б о л а д ы .

5. Мемлекеттік кеме реестрінде Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Теңіз және Өзен Регистрімен немесе олармен мақұлданған шетелдік жіктеу органдарымен техникалық қадағалау жүзеге асырылатын жалпы сыйымдылығы кемінде 80 регистрлік тонна болатын кемелер тіркеледі. Мемлекеттік кеме реестріне кемеңі енгізу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы туралы Куәлікті (кеме патенті) және Кемеге меншіктік құқық туралы Куәлік (N 2 Қосымша) берумен  
к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Мемлекеттік кеме реестріне енгізілуге жатпайтын кемелер кеме билеті (N 4 Қосымша) беріле отырып, кеме кітабында (N 3 Қосымша) тіркеледі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығын береді және кемеге меншіктік құқықтың дәлелі болады.

Жағалау жүзулерде ғана пайдаланылатын сыйымдылығы кемінде 25 регистрлік тонна болатын кемелер міндетті тіркеуге жатпайды.

6. Мемлекеттік кеме реестріне және кеме кітабына қайсыбір кемеңің жабдығы болып табылатын сылыптар және өзге жүзу құралдары енгізілмейді.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығы уақытша берілген бербоут-чартер (кемеңі экипажсыз жалдау) жағдайында теңіз сауда кемесі негізгі тіркеу мемлекетінің кемелер реестрінде оны тіркеу тоқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының теңіз немесе өзен порттарының бірінде бербоут-чартерлік (N 5 Қосымша) реестрде тіркелуі тиіс.

Бербоут-чартер жағдайымен жалданған кемеге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығын беру бербоут-чартер шартында жалданған шетелдік теңіз кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауымен жүзу құқығын уақытша беру туралы Куәлікпен куәландырылады.

8. Теңіз сауда кемелерін тіркеу Қазақстан Республикасының теңіз сауда және балық порттарындағы капитан қызметтерімен жүзеге асырылады.

Теңіз сауда кемесіне Меншіктік құқық туралы куәлік және кеме билетін беру кемеңі тіркеу органымен жүзеге асырылады.

Теңіз сауда кемесінің жүзуге жарамдылығы туралы Куәлік, біліктілік куәлігі, өлшем куәлігі, сондай-ақ жүк маркасы туралы куәлік Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Теңіз және Өзен Регистрімен немесе онымен мойындалған шетелдік білікті органмен беріледі.

9. Теңіз сауда кемесін тіркеу және Мемлекеттік кеме реестріне немесе кеме кітабына кез келген өзгерістер енгізу, сондай-ақ Ереженің 8 тармағында көрсетілген құжаттарды беру үшін белгіленген алымдар алынады.

10. Шетел мемлекетінің реестрінде тіркелген теңіз сауда кемесі осы

мемлекеттің реестрінен шығарылғаннан кейін және кемеңің шығарылғандығы немесе жаңа тіркеу жүргізілетін сәтте жедел реестрден шығарылатындығын растайтын куәлікті ұсынғанда Қазақстан Республикасының теңіз сауда немесе балық портының біріндегі Мемлекеттік кеме реестрінде немесе кеме кітабында тіркелуі мүмкін.

Кеме Мемлекеттік кеме реестрінен белгіленген тәртіппен шығарылмаған шетел мемлекетінің кеме реестрінде қазақстандық кемеңің тіркеудің заңды күші болмайды.

## **II. ТЕҢІЗ САУДА ПОРТТАРЫНДА КЕМЕЛЕРДІ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ**

11. Меншіктік құқықпен кеме сатып алған кез келген тұлға бір айдың ішінде кемеңің өзін және оған меншіктік құқықты Мемлекеттік кеме реестрінде немесе кеме кітабында тіркеуге міндетті.

Кеме шетелде сатып алынған болса, Қазақстан Республикасының портына кеме бірінші рет келген күннен бастап бір айдың ішінде тіркеу туралы өтініш берілуі тиіс.

Тіркеу туралы өтініште кеме реестрінің анкетасына (N 6 Қосымша) мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- а) кемеге меншіктік құқықты растайтын құжат;
- б) өлшем куәлігі;
- в) кемеңің жүзуге техникалық жарамдылығы туралы куәлік;
- г) біліктілік куәлігі.

Мемлекеттік кеме реестрінде немесе кеме кітабында кемеңің тіркеу кезінде оған тиісті тіркеу нөмірімен қоса қажетті куәліктер беріледі. Кеме кітабына енгізілген кемеңің тіркеу нөміріне "К" әрпі қосылады.

Кемеңің бербоут-чартер шартында тіркеген кезде кеме реестрінің анкетасындағы мәліметтерден басқа мынадай қосымша мәліметтер болады:

- а) кемеңің тіркелген порты;
- б) негізгі тіркеу мемлекетіндегі тіркеу тоқтатылған күні;
- в) жалдаушының аты мен мекен-жайы.

12. Мемлекеттік кеме реестрінде әрбір кемеге жеке парақ арналады. Кеме кітабына кемелер туралы мәліметтер кемелердің тіркелуіне қарай тізбеленіп ешқайсысы жіберілмей жазылады.

Мемлекеттік кеме реестрінен немесе кеме кітабынан кеме алынып тасталғанда шығарылған кемеңің тіркеу нөмірі жаңа кемеңің тіркеуге пайдаланылуы мүмкін.

13. Мемлекеттік кеме реестріне енгізілген кемеде мыналар анық белгіленеді: кемеңің тұмсық жағынан сол және оң борттарда - кемеңің аты; кемеңің артында - кемеңің, тіркелген портының аты және тіркеу нөмірі. Кеме кітабына енгізілген кемеде - тіркелген портының аты мен тіркеу нөмірі (көрнекті жерде).

14. Кеменің атын өзгерту Саудамен теңізде жүзу кодексінде көрсетілген тәртіппен жүргізіледі. Мемлекеттік кеме реестрінде тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана кеменің жаңа аты борты мен артында жазылады.

15. Кеменің меншіктік құқығы немесе оған меншіктік құқығы үлесі ауысқан кезде (сату, мұрагерлік, мүлік бөлу мен т.б.) Мемлекеттік кеме реестріне немесе кеме кітабына меншіктік құқықты тіркеу күні көрсетіле отырып, тиісті өзгерістер енгізіледі және Меншіктік құқық туралы куәлік немесе жаңа меншік иесінің атына жазылған кеме билеті беріледі.

16. Мемлекеттік кеме реестріне, кеме кітабына немесе бербоут-чартер реестріне енгізілуге жататын кез келген өзгерістер, мәліметтер туралы кеменің меншік иесі немесе бербоут-чартер бойынша жалдаушы ақпарат алған күннен бастап екі аптаның ішінде кемені тіркеу органына хабарлауға міндетті. Осындай мәліметтер бермеген кеме иелері белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

### **III. МЕМЛЕКЕТТІК КЕМЕ РЕЕСТРІНЕН НЕМЕСЕ КЕМЕ КІТАБЫНАН КЕМЕЛЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ**

17. Мемлекеттік кеме реестрінен немесе кеме кітабынан мына кемелер алынып тасталады:

а) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын жоғалтқан;

б) суға батқан, толық қаусаған немесе із-түзсіз жоқ болған;

в) конструктивтік мерт болған;

г) қайта құру немесе өзге өзекті өзгерістерге ұшыраған;

д) тіркеу порты өзгерген.

18. Осы Ереженің 17 тармағында көрсетілген себептермен Мемлекеттік кеме реестрінен немесе кеме кітабынан кемені алып тастау үшін кеме иесі бұл туралы дер кезінде кемені тіркеу орны бойынша Порттық бақылау инспекциясына порт капитанының атына жазбаша өтінішпен хабарлауға міндетті.

19. Осы Ереженің 17 тармағындағы "а", "б", "в", және "г" тармақшаларында көрсетілген жағдайларда кеме иесі кемені Мемлекеттік кеме реестрінен немесе кеме кітабынан шығару туралы өтінішке қоса кемемен бірге мерт болмаған құжаттар болса, соларды қоса беруі тиіс.

20. Осы Ереженің 17 тармағының "д" тармақшасында көрсетілген жағдайда, кеме иесі Мемлекеттік кеме реестрінен немесе кеме кітабынан кемені алып тастау туралы өтініштен және осы Ереженің 11 тармағында көрсетілген басқа құжаттардан басқа жаңа тіркеу орны бойынша Порттық бақылау инспекциясына кеме патенті мен кемеге меншіктік құқық пен кеме билетін ұсынады.

Осы Ереженің 11 тармағында көрсетілген тәртіппен кемені Мемлекеттік кеме реестріне немесе кеме кітабына енгізілгеннен кейін кемеге аталмыш жаңа құжаттар беріледі.

Жаңадан тіркеу портының Порттық бақылау инспекциясымен бұрынғы құжаттар оларды берген Порттық бақылау инспекциясына қайтарылады.

21. Кеме құжаттары жоғалтылған жағдайда кеме патентінің көшірмесі, кеме меншіктік құқығы туралы куәлігі немесе кеме билетінің көшірмесі кеме иесіне осы құжаттарды берген Порттық бақылау инспекциясының олардың жоғалу себебін қарауынан және баспада жоғалған құжаттардың пәрмендік күші жойылғанын жариялағаннан (кеме иесінің есебінен) кейін ғана көшірмелер беріледі. Құжаттың мерт болғаны белгіленгенше Порттық бақылау инспекциясының шешімімен баспаға жарияланбауы мүмкін.

\* Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 желтоқсандағы N 1231 қаулысымен бекітілген.

Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне  
N 1 қосымша

## **МЕМЛЕКЕТТІК КЕМЕ ТІЗІЛІМІ**

---

1 .	р / с а н ы		
2.	Енгізу күні мен	тіркеу нөмірінің	реті N
3.	Қазіргі және	бұрынғы	тіркеу порты
4.	Кемедегі спутник байланысының сәйкес нөмірі мен кеме радиостанциясының шақыру дабылы		
5.	Кемеге қазіргі және	бұрынғы	аты
6.	Бұрынғы	тіркеуді	жойған күні
7.	Кеме меншік иесі,	мекен-жайы және	ұлты
8.	Кеме иесі,	мекен - жайы	
9.	Әрбір меншік иесіне	тиісті	кемеден үлесі
10.	Жасалған жылы мен	орны,	жоба нөмірі
11.	Кеме түрі мен	міндеті,	жүзу ауданы
12 .	Жүк	көтерімділігі	
13 .	С ы й ы м д ы л ы ғ ы		
14 .	( ж а л п ы / т а з а )		
15.	Ұзындығы,	ені және	тереңдігі
16 .	Б а т ы ң қ ы л ы ғ ы		
17 .	Корпустың	м а т е р и а л ы	
18 .	Жүзу	жылдамдығы,	уал
19.	Негізгі қозғалтқышының түрі мен қуаты,	қозғағышының түрі мен	
		б ұ р а н д а	с а н ы
20 .	Жолаушы	орнының	с а н ы
21 .	Жүк	трюмдерінің	с а н ы

22. Су өткізбеу бөлгіштерінің саны  
23. П а л у б а с а н ы  
24. Тонна зерделеу жиынтығы  
25. Е с к е р т у  
26. р / с

---

Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне

№2 қосымша

**ҚАЗАҚСТАН**

**РЕСПУБЛИКАСЫ**

( Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы )

**КЕМЕГЕ МЕНШІКТІК ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ**

**КУӘЛІК**

Теңіз кемежайы басқармасының кеме тізіліміне 199 \_\_ " \_\_ "  
(жылы) (күні) (айы)

№ \_\_\_\_\_ болып енгізілген мәліметтер негізінде \_\_\_\_\_ кемесі  
\_\_\_\_\_ меншігінде екендігі нақты куәландырылады.

Аталған кемеге қатысты кемелер тізілімінде мыналар көрсетілген:

1. Кеменің атқаратын міндеті мен түрі \_\_\_\_\_

2. Шақыру дабылы \_\_\_\_\_

3. Жасалған мерзімі мен орны \_\_\_\_\_

4. Негізгі материалы \_\_\_\_\_

5. Төменде көрсетілген орында және уақытта берілген өлшем  
\_\_\_\_\_ 199 \_\_ " \_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

(мекеменің аты- жылы күні айы нөмірі  
куәлігі бойынша негізгі мөлшерлері:

Ұзындығы \_\_\_\_\_ толық \_\_\_\_\_ рег. тонна

Ені \_\_\_\_\_ Сыйымдылығы

Тереңдігі \_\_\_\_\_ таза \_\_\_\_\_ рег. тонна

6. Қозғалтқышының түрі, машиналар саны мен қуат күші \_\_\_\_\_

7. Кеме бұрын шетел жалауының астында жүзген болса, оның сол  
кездегі аталуы және тіркелген порты

---

Теңіз сауда кодексінің негізінде бұл кеме куәлігі \_\_\_\_\_ кемесіне  
\_\_\_\_\_ құқығының ерекше дәлелі болып табылады.

Кеме куәлігінің түпнұсқасы кемеде, ал оның нотариалдық түрде  
куәландырылған көшірмесі \_\_\_\_\_

порттың басқармасында сақталады. \_\_\_\_\_ кемесі

Қазақстан Республикасы жалауы астында жүзу құқығынан айырылған

жағдайда немесе Қазақстан Республикасының теңіз сауда порттарында кемелерді тіркеу туралы ережелерде көрсетілген басқа жағдайлар бола қалса, кеме куәлігі, \_\_\_\_\_ теңіз портының басқармасына қайта тапсырылуы тиіс.

Куәлік \_\_\_\_\_ қаласында \_\_\_\_\_ портының  
Басқармасында 199 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ айында мөр басылып  
(жылы) (күні) (айы)

N \_\_\_\_\_ берілді.

М.О. \_\_\_\_\_ портының капитаны

Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне

N 3 қосымша

### **КЕМЕ КІТАБЫ**

- 
- 1 . \_\_\_\_\_ р / с а н ы
  2. Енгізу күні мен тіркеу нөмірінің реті N \_\_\_\_\_
  - 3 . \_\_\_\_\_ Т і р к е у \_\_\_\_\_ п о р т ы
  4. Кеменің қазіргі және бұрынғы аты \_\_\_\_\_
  5. Бұрынғы тіркеу порты және бұрынғы тіркеуді жойған күні \_\_\_\_\_
  6. Әрбір меншік иесіне тиісті кемеден үлесі \_\_\_\_\_
  7. Меншік иесі, мекен-жайы және ұлты \_\_\_\_\_
  8. Кеме иесі, мекен-жайы \_\_\_\_\_
  9. Кеме түрі мен міндеті, жүзу ауданы \_\_\_\_\_
  10. Негізгі қозғалтқышының түрі мен қуаты, қозғағышының түрі мен \_\_\_\_\_ б ұ р а н д а \_\_\_\_\_ с а н ы
  11. Жасалған жылы мен орны, жоба нөмірі \_\_\_\_\_
  12. Корпусының материалы \_\_\_\_\_
  13. Өлшемі (м): \_\_\_\_\_ ұ з ы н д ы ғ ы
  - 1 4 . \_\_\_\_\_ Е н і
  - 1 5 . \_\_\_\_\_ Т е р е ң д і г і
  - 1 6 . \_\_\_\_\_ С ы й ы м д ы л ы ғ ы : \_\_\_\_\_ ж а л п ы
  - 1 7 . \_\_\_\_\_ Т а з а
  - 1 8 . \_\_\_\_\_ Ж ү к \_\_\_\_\_ к ө т е р і м д і л і г і
  - 1 9 . \_\_\_\_\_ Б а т ы ң қ ы л ы ғ ы
  - 2 0 . \_\_\_\_\_ Е с к е р т у
  - 2 1 . \_\_\_\_\_ р / с
-



Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне

№ 4 қосымша

**ҚАЗАҚСТАН**

**РЕСПУБЛИКАСЫ**

( Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы )

**КЕМЕ БИЛЕТІ**

Осы кеме билеті теңіз сауда портының \_\_\_\_\_ басқармасымен  
осы порттың кеме кітабына енгізілген кеме \_\_\_\_\_ иелігіне жатады.  
Аталған порттың кеме кітабындағы N \_\_\_\_\_ кемеге \_\_\_\_\_

қ а т ы с т ы :

1. Кеменің аты мен түрі \_\_\_\_\_
2. Жүзу ауданы \_\_\_\_\_
3. Қозғалтқышының түрі, бұранда саны \_\_\_\_\_
4. Негізгі қозғалтқышының түрі мен қуаты \_\_\_\_\_
5. Негізгі материалы \_\_\_\_\_
6. Негізгі өлшемі \_\_\_\_\_  
ұзындығы \_\_\_\_\_  
ені \_\_\_\_\_  
тереңдігі (жүгі жоқ) \_\_\_\_\_  
Жүгімен батыңқыштығы \_\_\_\_\_  
Сыйымдылығы \_\_\_\_\_
7. Жүк көтерімділігі (шекті жүк салмағы) \_\_\_\_\_ (өзен)  
\_\_\_\_\_ (теңіз) \_\_\_\_\_ тонна.
8. Жасалған жері мен уақыты, жобаның N \_\_\_\_\_
9. Кеме иесі, мекен-жайы \_\_\_\_\_
10. Бұрынғы тіркелген порты \_\_\_\_\_
11. Кеменің бұрынғы аты \_\_\_\_\_
12. Әрбір меншік иесіне тиісті кемеден үлесі \_\_\_\_\_

Осы кеме билеті кеме меншіктік құқықтың дәлелі болып табылады  
\_\_\_\_\_ және осы кеменің Қазақстан Республикасының жалауымен  
ж ү з у г е к ұ қ ы қ б е р е д і .

Қазақстан Республикасының жалауының астында \_\_\_\_\_ жүзу  
құқығын кеме жоғалтқан немесе теңіз сауда порттарында кемелерді  
тіркеу туралы ережелерде көрсетілген өзге жайларда кеме билеті теңіз  
сауда портының \_\_\_\_\_ басқармасына қайтарылады.

199 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ теңіз сауда  
портының басқармасында берілген.

М.О.

Порт капитаны

(қойылған қолы)

Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне  
№ 5 қосымша

### **БЕРБОУТ-ЧАРТЕРЛІК ТІЗЛІМ**

- 
- 1 . р / с а н ы
2. Енгізу күні мен тіркеу нөмірінің реті
3. Тіркеу порты кеменің аты
4. Кемедегі спутник байланысының сәйкес нөмірі мен кеме радиостанциясының шақыру дабылы
5. Меншік иесі, мекен-жайы және ұлты
6. Мемлекеттік негізгі тіркеуде тіркеу барысын тоқтатқан күн
7. Жалдау кезіндегі тіркеу порты
8. Жалдаушы және оның мекен-жайы
9. Кеме түрі мен міндеті, жүзу ауданы
10. Жасалған жылы мен орны
11. Жүк көтерімділігі
12. Сыйымдылығы: жалпы
- 1 3 . Т а з а
14. Ұзындығы, ені және тереңдігі
15. Б а т ы ң қ ы л ы ғы
16. Корпусының материалы
17. Жүзу жылдамдығы, уал
18. Негізгі қозғалтқышының түрі мен қуаты, қозғағышының түрі мен б ұ р а н д а с а н ы
19. Жолаушы орнының саны
20. Жүк трюмдерінің саны
21. Су өткізбеу бөлгіштерінің саны
22. Тонна зерделеу жиынтығы
- 2 3 . р / с

---

Теңіз сауда порттарында  
кемелерді тіркеу ережелеріне  
№ 6 қосымша

### **КЕМЕ ТІЗЛІМІНДЕГІ АНКЕТА**

1. Кеменің аты \_\_\_\_\_
2. Кемедегі спутник байланысының сәйкестік нөмірі \_\_\_\_\_
3. Кеме радиостансасының шақыру дабылы \_\_\_\_\_
4. Түрі мен міндеті \_\_\_\_\_

5. Меншік иесі, мекен-жайы және ұлты \_\_\_\_\_
6. Жүзу ауданы \_\_\_\_\_
7. Мөлшері: ұзындығы \_\_\_\_\_ м, ені \_\_\_\_\_ м, тереңдігі \_\_\_\_\_ м.
8. Жалпы сыйымдылығы \_\_\_\_\_ р.т., таза \_\_\_\_\_
9. Жүк көтерімділігі \_\_\_\_\_ (өзен) \_\_\_\_\_ (теңіз)
10. Жүгі жоқ батыңқылығы \_\_\_\_\_, жүгімен \_\_\_\_\_
11. Су бетіндегі борт биіктігі \_\_\_\_\_
12. Жасалған жылы мен орны \_\_\_\_\_
13. Негізгі материал \_\_\_\_\_
14. Палуба саны \_\_\_\_\_
15. Басты қозғалтқышының жасалған орны мен түрі \_\_\_\_\_
16. Басты қозғалтқышының қуаты \_\_\_\_\_
17. Жүру жылдамдығы \_\_\_\_\_
18. Қозғағышының түрі мен бұранда саны \_\_\_\_\_
19. Жоба N \_\_\_\_\_
20. Тұщы су цистернасының сыйымдылығы \_\_\_\_\_
21. Жүк трюмдерінің саны мен оның көлемі \_\_\_\_\_
22. Жүк құралдары \_\_\_\_\_
23. 1 сынып жолаушы орны \_\_\_\_\_, 2 сын. \_\_\_\_\_, 3 сын. \_\_\_\_\_
24. Су өткізбеу бөлгіштерінің саны \_\_\_\_\_
25. Радиостанса мен оның қуаты \_\_\_\_\_
26. Май цистерналарының сыйымдылығы \_\_\_\_\_
27. Құтқару сылыптарының саны \_\_\_\_\_
28. Руль қондырғысы \_\_\_\_\_
29. Зәкір қондырғысы \_\_\_\_\_
30. Су шашу және өрт сөндіру құралдарының қуаты мен саны \_\_\_\_\_
31. Бұрынғы тіркелген порты \_\_\_\_\_
32. Бұрынғы тіркеуді жойған күні \_\_\_\_\_
33. Кемеңіз бұрынғы аты \_\_\_\_\_
34. Әрбір меншік иесіне тиісті кемеден үлесі \_\_\_\_\_
35. Өлшеу куәлігінің N және кіммен берілгендігі \_\_\_\_\_
36. Жолаушы куәлігінің N және кіммен берілгендігі \_\_\_\_\_
37. Жүзуге жарамдылық куәлігі және оның мерзімі \_\_\_\_\_
38. Кеме иесі мен оның мекен-жайы \_\_\_\_\_
39. Кеме капитанының қолы \_\_\_\_\_

